

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы: оған баланың қатысуы үшін занды өкілдеріне не істей керек?

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасын іске қосу жоспарланып отыр. Оның аясында Қазақстанның барлық кәмелетке толмаған азаматтарына жыл сайын Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының (бұдан әрі – Ұлттық қор) инвестициялық кірісінің 50% есептелетін болады. Оған қоса, балаларға өткен жылдары есептелген сомалар Ұлттық қор активтерінің құрамында инвестициялануын жалғастыратын болады. Нәтижесінде оларға қосымша инвестициялық кіріс есептеледі.

**2006 жылы және одан кейін туылған, оның ішінде қорғаншылық/қамқоршылық тағайындалған балалардың занды өкілдері "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасына қатысууды кепілді түрде қамтамасыз ету үшін бүгін не істей алады:**

- 1) баланың жеке басын куәландыратын құжатты (балалардың азаматтығын айқындау үшін), оның ішінде жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) алу;
- 2) баланың деректемелерінің бар-жоғын және олардың дұрыстығын тексеру: кәмелетке толмаған адамның Т.А.Ә., туған күні, ЖСН, азаматтығы;
- 3) "электрондық үкімет" веб-порталындағы Жеке кабинетінде өзінің балалары туралы мәліметтердің бар-жоғын тексеруге тиіс.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетакы қоры (бұдан әрі – БЖЗҚ) нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды (міндеттемелерді), нысаналы жинақтау шоттарындағы (бұдан әрі - НЖШ) нысаналы жинақтарды есепке алу, нысаналы жинақтар төлемін жүзеге асыру жөніндегі оператор ретінде айқындалды.

Мақсатты талаптар мен мақсатты жинақтарды есепке алу АҚШ долларымен жүргізіледі.

Бұл ретте балалардың занды өкілдері "электрондық үкімет" веб-порталындағы ([egov.kz](http://egov.kz)) өздерінің Жеке кабинетіне кіріп әрбір жыл үшін нысаналы талаптардың сомасына есептелген нысаналы талаптар мен инвестициялық кірістің сомалары туралы деректерді тексере алады.

Балалар 18 жасқа толғанға дейін нысаналы талаптар мен инвестициялық кіріс мерзімінен бұрын алу құқығының есептеледі. 18 жасқа толғаннан кейін БЖЗҚ-да НЖШ ашылады. Шоттағы қаражатты екі мақсатқа – тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және білім алуға ақы төлеу үшін пайдалануға болады. Оны үекілдік операторлар, яғни "Қазпошта" АҚ және екінші деңгейдегі банктер арқылы іске асыруға болады. Айта кету керек, қаражат НЖШ-ға аударылғаннан кейін инвестициялануын тоқтатады.

Нысаналы талаптарға қатысушы қайтыс болған, не сottың қайтыс болды деп жариялаған шешімі занды күшіне енген, азаматтығын жоғалтқан жағдайда нысаналы талаптарды есептеу тоқтатылады.

Нысаналы талаптарға қатысушының/нысаналы жинақтарды алушының қайтыс болуына байланысты олардың мұрагерлері нысаналы талаптарды/нысаналы жинақтарды алу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен БЖЗҚ-ға жүргіне алады.

Қазақстannan тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен адамдар Ұлттық қордың қаражатын пайдалану құқығынан айырылады.

---

Алушының 18 жасқа толғаннан кейін 10 (он) жыл өтсе де төлемдер алуға өтініші болмаған кезде талап етілмеген нысаналы жинақтау сомалары БЖЗК-дағы ерікті зейнетақы жарналары есепке алынатын жеке зейнетақы шотына аударылуы тиіс. Оларды алу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару

тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді ([толығырақ www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).

